

Бөрлі ауданы Пугачев ауылдық округінің Пепел ауылының атаусыз көшесіне атау беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Пугачев ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 29 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 желтоқсанда № 4172 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Пепел ауылының халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Пугачев ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бөрлі ауданы Пугачев ауылдық округінің Пепел ауылының атаусыз көшесіне мынадай атау берілсін:

"№ 1" жобалық көшесі – "Наурыз" көшесі.

2. Пугачев ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы (Т. Мурзабаева) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Пугачев ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

К. Салакбаев